

21 қыркүйек,  
Сейсенбі,  
2021 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# ОЙЫЛ

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады.

## АҚТӨБЕДЕ ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ ПЕН ШӘМШІ ҚАЛДАЯҚОВҚА ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛАДЫ



Өткен аптада облыс әкімі Оңдасын Оразалин өңірдегі Қазақстан Жазушылар одағының мүшелерімен кездесу өткізді.

Оңдасын Оразалин алдымен облыстың экономикалық-әлеуметтік дамуы, өңірде жүзеге асырылып жатқан жобалар туралы айта келіп, Ақтөбенің мәдениетіне, өдебиетіне үлес қосып жүрген ақын-жазушыларға ризашылығын білдірді.

— Қазақстан Жазушылар одағымен бірге өңірімізде екі жыл қатарынан «Әдебиет. Рух. Қоғам» республикалық әдебиет форумы ұйымдастырылып келеді. Бұл шараның біз және сіздер үшін, жалпы оқырман үшін орны бөлек. Өткен жылы осы форум аясында еліміздің ер түкпірінен жиналған бірқатар ақын-жазушыларымызға өңір атынан құрмет көрсетіп, Ақтөбенің атын шығарған даңқты қаламгерлер атындағы 7 сыйлық тағайындаған болатынбыз. Биыл номинациялар саны 10-ға жетіп отыр. Облыс орталығында хакім Абайдың ескерткіші еңсе тіктеді. Қабырғалы қаламгерлер атындағы 7 сыйлық қалыптасып «Тар кезең» романында еліміз тарихының белгілі бір кезеңін суреттелген Жіңішке өзенінің бойында ескерткіші қойылды.

Биыл жыл соңына дейін Ақтөбе өңірі фольклорлық музыкасының антологиясы жарық көреді. Жастар аллеясы салынып жатыр. Бозбалалар мен бойжеткендердің сүйікті орнына айналатын сол аллеяда Төлеген Айбергенов пен Шәмші Қалдаяқовтың

ескерткіші тұрғызылады. Алаш қайраткерлеріне арналған «Тәуелсіздіктің ақ таңы» мемориалдық кешені ашылады, — деген облыс басшысы ақтөбелік бір топ ақын-жазушыға Алғыс хат пен стипендия табыс етті.

Бақосуда облыс әкімі белгілі ақын, кәсіпкер, республикалық «Адырна» журналының бас редакторы Мейрхан Ақдәулетұлы мерейлі 70 жасымен құттықтап, сый-құрмет көрсетті.

Бұдан кейін кездесуде ақын, Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиалының директоры Бауыржан Бабажанұлы жүзеге асып жатқан шаруаларды санамалай келіп, облыс әкіміне:

— Сіз осы өңірде мәдениеттің, оның ішінде әдебиеттің дамуына үлкен үлес қосып, біздің ұсыныстарымызға үнемі қолдау білдіріп келесіз. Сондықтан сізге қаламгерлер атынан көп рақмет айтып, жұмысыңызға табыс тілеймін, — деді.

Бақосуда сөз алған ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты Ертай Ашықбаев өдебиеттің адамзат өміріндегі, болашақ ұрпақты тәрбиелеудегі маңызына тоқтала келіп:

— Қазір әдеби шығармаларды көп оқитын ұрпақ жыл санап азайып барады. Осы отырған біз өдебиетті құнығып оқитын ұрпақтың соңы болмасақ екен деген уайым бар. Әрине, оның беті әрмен. Бірақ бұл — қауіпті құбылыс.

Бүгінгі күні бізге экономикамызды

көтеру, халықаралық байланыстарды дамыту, жалпы халқымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігін тап басып отыру үшін миы шыныққан адамдар өте қажет. Ал адамдардың миын шынықтыруда өдебиеттің маңызы зор, тіпті өдебиет соның бір құралы деуге болады. Сондықтан осы отырған баршаңызды алдағы уақытта да облыстың мәдениетін, өдебиетін көтеруге атсалысып, еңбек етуге шақырамын, — деді.

Кездесу соңында ақын-жазушылардың бір тобы облыс әкіміне қаламгерлерге жасап келе жатқан құрмет-қолдауына ризашылығын білдірсе, бірқатары өз ұсыныс-тілектерін айтты. Мысалы, ақын, С.Жиенбаев атындағы жасөспірімдер кітапханасының директоры Гүлжайнар Қалдина биыл Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы аясында облыста балаларға арналған танымдық мультфильмдер түсірілсе деген тілегін жеткізе, ақын Гүлімай Әбішқызы облыстағы қаламгерлердің балаларға арналған туындылары кітап болып шықса, қоғамдық көліктерде жергілікті ақын-жазушылардың шығармалары тұрғындарға насихатталса деген ұсынысын айтты. Ақын Жақсылық Айжанов қаламгерлердің мерейтойларын өткізуде бірізділік керек десе, Бижан Қалмағамбетов өмірден ерте озған ерекше дарын иесі Табылды Досымовтың шығармашылығын насихаттау жөніндегі ұсыныстарын ортаға салды.

Данагүл ҚАЗИХАН.

## ӘКІМ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

БІР КЕЗДЕРІ «ОЙЫЛ - ВОЛЕЙБОЛДЫҢ ОТАНЫ...», - ДЕП АТАЛЫП ЖҮРГЕНІ СПОРТ ЖАНАШЫРЛАРЫНЫҢ ЖАДЫНДА ӨЛІ ДЕ САҚТАУЛЫ ТҮР. ОСЫНДАЙ АЛДЫҒЫ БУЫН САЛЫП КЕТКЕН ІЗДЕН БҮГІН ЖАС СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ БІР ҚАДАМ ШАЛЫС БАСПАЙ КЕЛЕДІ. ОҒАН ТӨРТ ЖЫЛДА БІР ӨТЕТІН «АҚБИДАЙ» ОБЛЫСТЫҚ АУЫЛ СПОРТЫ ОЙЫНДАРЫНДА ВОЛЕЙБОЛДАН СПОРТШЫЛАРЫМЫЗДЫҢ ЖЕҢІСІ АЙҒАҚТАП БЕРГЕН ТӘРІЗДІ.



Осы орайда апта басында аудан әкімі Асқар Қазыбаев Ақтөбе қаласында өткен «Ақбидай» облыстық VII ауыл спорты ойындарында өнер көрсетіп, жүлдемен оралған спортшыларды қабылдады. Кездесу барысында аудан басшысы аудан спорты дамуындағы жасалып жатқан жұмыстарға тоқталып, алдағы Ақтау қаласында өтетін Республикалық «Ақбидай» ауыл спорт ойындарына жолдама алған спортшыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ, спортшыларға Ойыл ауданының 100 жылдығына арналған естелік сыйлықтарын табыстады. Қабылдауда Ойыл аудандық мөлсихатының хатшысы Секен Ғазизұлы мөлсихат депутаттарының аты-

нан волейбол спортының команда-сына 100 мың теңге қаржылай демеушілік жасады. Сонымен қатар, спорт жанашырлары мінберге шығып, спортшыларға құттықтау тілектерін жеткізіп, салмақты сөздерімен жігер беріп, намыстарын қайрады. Атап өтсек, аталмыш спорттық жарыста қол күресінен Асхат Елеусінов - қола жүлде, бір көтеруден Нұрсан Сәрсенғалиев - күміс жүлде, үстел теннисінен Нұрлан Ешімов - қола жүлде, тоғызқұмалақтан командалық есеп бойынша - III орын, тоғызқұмалақтан қыздар арасындағы жарыстан Айдана Болатова - күміс жүлде, қазақ күресінен 60 келдегі салмақтан Нұрхан Мұхамбетов II орын, 66 келдегі

салмақтан Азат Шерниязов II орын, 55 келдегі салмақтан өлем чемпионы Бекзат Мұхамбетов «алтын медаль» иегері атанды.

Ауданымыздың ерлер волейбол құрамасы ақтық сында Әйтеке би, Байғанин аудандарының волейболшыларынан басым түсіп, чемпион атанды. Қазан айында Маңғыстау облысы Ақтау қаласында өтетін республикалық «Ақбидай-2021» ойындарында осы жеңімпаздарымыз бақ сынамақ. Ендеше бізде спортшыларымызға жеңіс мөресінен көрінулеріне сәттілік тілейміз!

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,  
Ойыл селосы.

## «ОЙЫЛ ЕЖЕЛГІ ТАРИХИ ӨҢІР»

АРХИВ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ БАР ҚҰЖАТТАР САҚТАЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ. ОЛ ТЕК ШЕЖІРЕ ҚОЙМАСЫ ҒАНА ЕМЕС, ҚҰНДЫ ДЕРЕКТЕР ҚОЙМАСЫ. БИЫЛ АУДАНЫМЫЗДЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 100 ЖЫЛ ТОЛУЫНА ОРАЙ «ОЙЫЛ ЕЖЕЛГІ ТАРИХИ ӨҢІР» ТАҚЫРЫБЫНДА ҚОБДА АУДАНЫ АРХИВІМЕН БІРЛЕСКЕН ЖЫЛЖЫМАЛЫ КӨРМЕ ӨТКІЗІЛДІ.

дың киелі де, қасиетті мекен екенін тарихи құжаттардың өзі айғақтап тұрғанына риясыз қуанып, алдағы уақытта осындай тағлымды шаралар-



Жуырда Қобда аудандық архив ұжымы сарғайған қағаз беттерінде Ойылдың бір ғасырға жуық тайға таңба басқандай жазылған құнды деректерін арнайы алып келді. Атап-ақ көрмеге ауданның ардагерлері, жастар және аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Болатұлы, Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Нұрлан Аманұлы қатынасты. Бұрын соңды біз естімеген, біз білмейтін деректер көрме қонақтарын айрықша таңырқатты. Көрмеде «Көкжар – ғалам, сәулелі Ойыл – ғалам, Ескерткішсіз архиві жойылмаған», - деп ақын Ертай Ашықбаев айтқандай, өткен ғасырдағы тындырымды еңбек еткен тұлғалар мен Ойылдың құрылу кезеңіне дәлел болатын мөр басылған құнды құжаттары жойылмай сол қалпында сақталғанына куә болып қайтты.

Келесі кезекте Қобда ауданы архивінің меңгерушісі Нұрбиби Ешанова


«Біздің мұнда келген мақсатымыз «Ойылдың құнды құжаттары» атты тақырыпта Ойыл өңірінің құжаттарынан көрме ұйымдастырып, тарихи құнды құжаттар беттеріне тоқталып өту болды. Біздің архивте Ойыл ауданының 156 қоры бар. Құжаттар 1920-1985 жылдар аралығында тұрақты сақтау бірлігі және жеке құрам бойынша сақталған. Ойыл аудандық райисполкомы 7 – шілде 1922 жылы құрылған. «Улский районный революционный комитет» деп аталған. Ойыл райисполкомының құжаттары өте керемет. Әр құжаттың өзіндік құндылықтары бар», - деді.

Одан кейін Қобда ауданы архиві қызметкерлері жылжымалы көрмедегі ауданымызға қатысты архивтік құжаттармен таныстырса, аудан ардагерлері Ойылдың құнды құжаттарын арнайы өкеліп көрсеткен Қобда аудандық архиві ұжымына алғыстарын айтты. Сонымен қатар Ойыл-

ды өткізіп тұруға ұсыныстарын білдірді. Өтіп жатқан көрменің аясын кеңітіп, өлі де осындай құнды құжаттарды көпшілік арасында насихаттау қажеттігін жеткізді. Көршілес ауданмен тығыз байланыс жасап, Ойылдың құнды құжаттары жинақталған көпшілік көрменің өткізілуіне ұйытқы болған Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейінің директоры Балқия Рысжанова бұған дейін біздің қолымызға тимеген туған жердің құнды құжаттарын жинақтап, Қобда аудандық архивіне арнайы барып жұмыстанатындарын айтты. «Ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолдары мен ел үшін жасаған үлкен істерін тарих беттерінен тауып, кейінгі буынға жеткізу бәріміздің ортақ парызымыз», - деп сөзін түйіндеді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,  
Ойыл селосы.

## ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР АУЫЛДЫҢ КӨШЕЛЕРІН КӨРКЕЙТЕДІ



ӨТКЕН АПТАДА АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ЖЕТІНШІ СЕССИЯСЫ ӨТТІ. КҮН ТӨРТІНДІ БІР МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ. ТАРҚАТЫП АЙТСАҚ, АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ 2020 ЖЫЛҒЫ 30 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ №480 «2021-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНІҢ БЮДЖЕТТЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ШЕШІМІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ЖАЙЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ.

Аталған мәселе бойынша Ойыл аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Қайнарбай Ұлықпанов баяндама жасады. Оның айтуынша, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен Қараой, Сарбие, Қаратал ауылдарының 9 көшесінің ауыл ішілік автомобиль жолдарына орташа жөндеу жұмыстарына – 283 571 мың

теңге қаражат бөлінген. Сонымен қатар ол: «Жергілікті мекемелердің бюджеттік сұраныстары негізінде және «Nur Otan» партиясының Сайлауалды бағдарламасымен көзделген іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында аудандағы бюджеттік бағдарламалар өкімшілерінен (яғни, мемлекеттік мекемелерінен) қалыптасқан үнемдеу қаражаттары есебінен, бюджеттік комиссияның қарауымен және тұрақты комиссия ұсыныстарына қарай қаржылық қозғалыстар жасалады. Атап айтсақ: Конкурс нәтижесінен Ойыл ауылының көшелерінің автомобиль жолдарына орташа жөндеу бойынша үнемдеу сомасы – 158 мың теңге, Қараой ауылына кешенді-блок модуль бойынша – 955 мың теңге, Сарбие ауылына кешенді-блок модуль бойынша – 1 422 мың теңге, Қаратал ауылына кешенді-блок модуль бойынша – 3641 мың теңге үнемдеу, барлығы 6 176 мың теңге қысқар-

тылып және аудандық бюджеттен оңтайландырылған қаржылар есебінен ауылдық округтердің бюджеттік өтінімдерін қамтамасыз ету көзделіп отыр», - деді.

Сондай-ақ, Қаратал ауылдық округіне алдыңғы өткізілген мөлсихат сессиясында «Тас бағанмен көшеге жарықтандыру жұмыстарын жүргізуді» жүзеге асыру үшін «Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру» бағдарламасына орналастыру қажеттілігіне байланысты - 3 348 мың теңге, Сарбие ауылдық округіне «Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру» бағдарламасы бойынша қалыптасқан - 166,0 мың теңгенің «Әкімшілік ғимаратына дезинфекция жасауға» – 150,0 мың теңгесіне, «1С бухгалтерия» бағдарламасының ҚҚС-на қажетті 16,0 мың теңгесіне ішінара ауыстырулар жасалғанын мәлім етті.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,  
Ойыл селосы.

**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ ҚАУЛЫСЫ**

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ ҚАУЛЫ**

17.09.2021 ж.

Ақтөбе қаласы

**Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу жөніндегі шектеу карантиндік шараларды күшейту туралы** Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 маусымдағы №ПГГСВ-24 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында, сондай-ақ Ақтөбе облысының аумағында қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, 2-тармағының 3) тармақшасын, 104-бабының 2, 3, 4, 7-тармақтарын және Қазақстан Республикасы Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 26 тамыздағы №37, 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38, 2021 жылғы 10 қыркүйегіндегі №42 қаулыларын басшылыққа алып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Ақтөбе облысының тұрғындары арасында коронавирус инфекциясының алдын алу жөніндегі шектеу карантиндік шараларды күшейту туралы» Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 30 маусымдағы №ПГГСВ-24 қаулысына (бұдан әрі-ПГГСВ-24) келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) ПГГСВ-24-тің айқындаушы (кіріспе) бөлігіндегі «2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68» сөзі «2021 жылғы 10 қыркүйегіндегі №42» деген сөзімен ауыстырылсын;

2) ПГГСВ-24-тің қосымшасындағы 15, 26, 27, 41, 46 тармақтарына келесідей өзгерістер енгізілсін:

№	Объектілер/салалар	Шектеу карантиндік шаралар	«ASHYQ» жобасына қатысатын объектілер үшін жұмыс режимі
15.	Қоғамдық көлік	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 14 қосымшасының талаптарын сақтай отырып, кептеліс уақытында қоғамдық көліктің желіге барынша көп шығы, отыратын орындардың саны бойынша қоғамдық көліктің тоқтырылып, барлық есіктерді ашу, жолаушыларға қол жетімді жерлерде антисептигі бар санитаризерлерді орнату, жолаушылардың жүргізушілердің және кондукторлардың бетперделерін міндетті түрде киюін сақтай отырып, <b>штаттық режимде жұмыс істеуіне рұқсат етіледі</b>	
26.	Банкет залдары (мейрамханалар және демхана типі бойынша келушілерге қызмет көрсету)	<b>тыйым салынады</b> («Ashyq» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда).	«Ashyq» жобасына қатысатын объектілер <b>жұмыс күндері сағат 07.00-ден 00.00-ге дейін тоқтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай</b> , «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар <b>сағат 07.00-ден 02.00-ге дейін, бірақ 50 орыннан асырмай</b> . <b>Сенбі және жексенбі күндері «Ashyq» жобасына қатысатын объектілердің қызметкерлері мен келушілерінде «жасыл» мәртебесі (вакцинация, сынама алған кезден бастап 7 тәуліктен аспайтын теріс нәтижесі бар ПТР тесті, тұрақты медициналық қарсы көрсетілмдері бар, соңғы 3 ай ішінде ауырып жазылған адамдар) болған жағдайда ғана сағат 07.00-ден 00.00 дейін тоқтырылуы 50%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай, «Ashyq» жобасы лидерлеріне сағат 07.00-ден 02.00 дейін тоқтырылуы 60%-ға дейін, бірақ 50 орыннан асырмай жұмыс жасауына рұқсат етіледі.</b> Тамақты жеткізу мен шығару штаттық режимде. <b>Ұжымдық, салтанатты, отбасылық, естелік (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, садақа (51-т. қоспағанда) және т.б.) және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатаң тыйым салынады.</b>
27.	Азық-түлік емес тауарлардың барлық түрлерін сататын дүкендер	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 2 қыркүйегіндегі №38 қаулысының 5 қосымшасының талаптарын сақтай отырып ішкі тәртіпке сәйкес жұмыс істеуіне рұқсат етіледі.	
41.	Көрермендермен спорттық іс-шараларды өткізу	<b>тыйым салынады</b> («Ashyq» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда)	«Ashyq» жобасына қатысатын объектілер <b>жұмыс күндері сағат 09.00-ден 00.00-ге дейін тоқтырылуы 20%-дан асырмай</b> , «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар <b>сағат 09.00-ден 02.00-ге дейін тоқтырылуы 20%-дан асырмай</b> . <b>Сенбі және жексенбі күндері «Ashyq» жобасына қатысатын объектілердің қызметкерлері мен келушілерінде «жасыл» мәртебесі (вакцинация, сынама алған кезден бастап 7 тәуліктен аспайтын теріс нәтижесі бар ПТР тесті, тұрақты медициналық қарсы көрсетілмдері бар, соңғы 3 ай ішінде ауырып жазылған адамдар) болған жағдайда ғана сағат 09.00-ден 00.00 дейін тоқтырылуы 20%-дан асырмай, «Ashyq» жобасы лидерлеріне сағат 09.00-ден 02.00 дейін тоқтырылуы 20%-дан асырмай жұмыс жасауына рұқсат етіледі.</b>
46.	Адамдар көп жиналатын конференциялар, форумдар, ойынауы, сондай-ақ, мерекелік, отбасылық, салтанатты, естелік, садақа (51-т. қоспағанда) және басқа да іс-шараларды, оның ішінде үйде өткізу	<b>тыйым салынады</b>	
<b>3) ПГГСВ-24-тің қосымшасын 51 тармақпен толықтыру:</b>			
51.	Банкет залдары (садақа өткізу)	<b>тыйым салынады</b> («Ashyq» жобасына қатысатын объектілерді қоспағанда)	«Ashyq» жобасына қатысатын объектілер және «Лидер» мәртебесі бар қатысушылар жұмыс күндері тоқтырылуы 30%-дан асырмай, бір адамға кемінде 4 шаршы метр алаңмен қамтамасыз етіліп, бірақ 30 адамнан аспайтын кезде жұмыс жасауына рұқсат етіледі. <b>Сенбі және жексенбі күндері «Ashyq» жобасына қатысатын объектілердің «жасыл» мәртебесі (вакцинация, сынама алған кезден бастап 7 тәуліктен аспайтын теріс нәтижесі бар ПТР тесті, тұрақты медициналық қарсы көрсетілмдері бар, соңғы 3 ай ішінде ауырып жазылған адамдар) болған жағдайда ғана тоқтырылуы 30%-дан асырмай, бір адамға кемінде 4 шаршы метр алаңмен қамтамасыз етіліп, бірақ 30 адамнан аспайтын кезде жұмыс жасауына рұқсат етіледі.</b> <b>Ұжымдық, салтанатты, отбасылық (банкеттер, үйлену тойлары, мерей-тойлар және т.б.) және басқа да бұқаралық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге қатаң тыйым салынады.</b>

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.  
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.  
**Ақтөбе облысының Бас Мемлекеттік санитариялық дәрігері** **Н. Беркімбаева**

**ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУ – ҚЫЛМЫСТЫҢ АЛДЫН-АЛУ**

Дүйсенбі күні аудан әкімдігінде аудан әкімі А.Қазыбаевтың төрағалығымен және аудан прокуроры Н.Жолаев, аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары Д.Ғалымжанов, мәслихат хатшысы С.Займолдиннің, ауылдық округ әкімдері мен учаскелік полиция инспекторлары және бірқатар мекеме басшыларының қатынасуымен Ақтөбе облысы әкімімен бекітілген «2021-2022 жылдарға арналған бөтеннің мүлкін ұрлаудың алдын-алуға қатысты ведомстваралық іс-шаралар жоспары» және «2020 – 2025 жылдар кезеңіне арналған жұртшылықты құқық бұзушылықтар профиліаксина тарту жөніндегі ведомстваралық іс-шаралар жоспары» тармақтарының орындалуын талқылау, қылмыс пен құқық бұзу-

шылықтардың алдын-алу мақсатында жиын өтті. Күн тәртібіндегі негізгі мәселе 2021 жылдың 8 айында аудан аумағында орын алған қылмыс пен криминогендік жағдайды өткен жылдың осы кезеңімен салыстыра отырып, талдау жүргізу. Жиында криминогендік аумақтарды патрульдеу қоғамдық тәртіпті сақтаудың басты міндеті болып табылатындығы, құқықбұзушылықтың алдын-алуға жұртшылықты тарту мақсатында аудандағы көсіп-орындар және ұйымдармен қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысу бойынша меморандумдар жасау, рейдтер ұйымдастыру, ақпараттық үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу, видеобақылау қондырғыларының қылмыспен құқық бұзу-

шылықтарды алдын алу мен ашудағы тиімділігі, бас бостандығынан айыру орындарынан босап келген және пробация қызметі есебінде тұрған азаматтарға өлеуметтік-құқықтық көмек көрсету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, мал басын бірдейлендіру, мал бағуды ұйымдастырудың қажеттілігін тұрғындар арасында түсіндіру, жастар мен көмелеттік жасқа толмағандар арасында құқық бұзушылықтарды алдын-алу шаралары және өзге де сұрақтар талқыланды. Жасалған бірқатар жұмыстардың бар екендігін ескерте отырып, аудан әкімі мен прокурор тарапынан бірқатар ұсыныстар мен тапсырмалар берілді.

**ЖЕР УЧАСКЕСІН ҚҰҚЫҒЫН САТУ ЖӨНІНДЕП САУДА-САТТЫҚ (АУКЦИОН) ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ**

**ЖЕР УЧАСКЕСІН НЕМЕСЕ ЖЕР УЧАСКЕСІН ЖАЛДАУ ҚҰҚЫҒЫН САТУ ЖӨНІНДЕП САУДА-САТТЫҚ (АУКЦИОН) ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ.**

Құрметті әлеуетті сауда-саттыққа қатысушылар! «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ 2021 жылдың 07 қазан сағат 11:00-де (Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша) Мемлекеттік мүлік тізілімінің [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) веб-порталында жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі бағасын көтеру әдісі бойынша электрондық аукцион өткізеді.

Аукционға қатысуға өтімін беру ҚР Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы №290 бұйрығымен бекітілген «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде ұйымдастыру және өткізу қағидасына» сәйкес қабылданады. Аукционға қатысуға өтінімдерді беру және тіркеу аукцион өткізу туралы хабарландыру тізілімінің веб-порталында жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін екі сағат бұрын аяқталады, содан соң қатысушылар берген өтінімдерін кері қайтара алмайды.

**Аукционға қатысу үшін мыналарды:**  
1) жеке тұлғалар үшін: — жеке сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – ЖСН), тегін, атын, өкесінің атын (бар болса);  
2) заңды тұлғалар үшін: — бизнес сәйкестендіру нөмірін (бұдан әрі – БСН), толық атауын, бірінші басшының тегін, атын, өкесінің атын (бар болса);  
3) кепілдік жарнаны қайтару үшін екінші деңгейдегі банктік есеп-айырысу шотының деректемелерін;  
4) байланыс деректерін (почталық мекенжайы, телефоны, факс, e-mail) көрсете отырып, тізілімінің веб-порталында алдын-ала тіркелу қажет.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелу үшін нысан бойынша қатысушының ЭЦҚ қол қойылған сауда-саттыққа қатысуға өтінімді тізілімінің веб-порталында тіркеу қажет.

**НАЗАР АУДАРЫҒЫЗ!** Қатысушының хабарламада көрсетілген талаптарды сақта-

мауы, сондай-ақ бірыңғай оператордың арнайы транзиттік шотына сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген кепілдік жарнаның сауда-саттық басталғанға дейін екі сағат бұрын түспеуі тізілім веб-порталының өтінімді қабылдаудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Тізілімнің веб-порталы автоматты тексеру нәтижелері бойынша тізілімнің веб-порталында көрсетілген қатысушының электрондық мекенжайына өтінімді қабылдау не өтінімді қабылдаудан бас тарту себептері туралы электрондық хабарлама жібереді.

Аукционға жіберілген қатысушыға тізілімнің веб-порталы беретін аукцион нөмірі бойынша аукцион залына кіруге рұқсат беріледі. Аукционға қатысушылар аукцион басталғанға дейін бір сағат ішінде ЭЦҚ мен аукцион нөмірін пайдалана отырып, аукцион залына кіреді. Аукцион сату объектісінің бастапқы құнын аукцион залында автоматты түрде орналастыру жолымен сауда-саттықты өткізу туралы хабарламада көрсетілген Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша басталады.

Әрбір сатылған сату объектісі бойынша аукцион нәтижелері сауда-саттық нәтижелері туралы электрондық хаттамамен ресімделеді, оған сатушы және жеңімпаз ЭЦҚ пайдалана отырып, сауда-саттық өткізілген күні тізілімінің веб-порталында қол қояды. Сауда-саттық нәтижелері туралы хаттама аукцион нәтижелерін және жеңімпаз бен сатушының сату объектісінің сату бағасы бойынша сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін белгілейтін құжат болып табылады.

Сатып алу-сату шарты немесе жалдау шарты электрондық форматта тізілімнің веб-порталында жасалады және сатушы мен сатып алушы ЭЦҚ пайдалана отырып сауда-саттық нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қол қояды. Аукционға қатысу үшін кепілдік жарналар мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператордың төмендегі шотына төленеді:

**Төлемді алушы:**  
**«Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ;**

**Аукционға бағаны көтеру әдісімен келесі сату объектілері қойылады:**

№	Жер учаскесінің мекен-жайы	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер учаскесінің алаңы (га)	Сату объектісі (құқық түрі)	Жер учаскесіне шектеулер мен ауыртпа-шылықтар	Бастапқы баға* (тенге) (3 жылға кадастр құнының 6%-ы)	Кепілдік жарна жер учаскесінің 5 % құрайды, бірақ 50 айлық есептік көрсеткіштен кем болмауы керек (тенге)	Жер учаскесіне 1 жылға қойылатын жалдау төлемі(тенге)
1	Ойыл ауданы, Сарбие ауылдық округі, Сарбие ауылы	үй-жайларды (қу-рылыстар мен ғи-мараттарды) ор-наластыру және қызмет көрсету	0.0861	Жеке меншік	жоқ	51 660	145 850	0

**Ұйымдастырушы:** «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі»ММ, анықтама алу үшін телефон:8(71332)2-18-80.

**ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ ТОРГОВ (АУКЦИОНА) ПО ПРОДАЖЕ ПРАВА НА ЗЕМЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК**

Уважаемые потенциальные участники торгов ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» информирует о том, что 07 октября 2021 года в 11:00 часов (по времени города Нур-Султан) проводится электронный аукцион по продаже земельного участка или права аренды земельного участка методом повышения цен на веб-портале Реестра государственного имущества [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) (далее – Портал).

Подача заявок на участие в аукционе осуществляется в соответствии с приказом Министра национальной экономики РК от 31 марта 2015 года № 290 «Об утверждении Правил организации и проведения торгов (конкурсов, аукционов) по продаже земельного участка или права аренды земельного участка, в том числе в электронном виде».

Подача и регистрация заявок на участие в аукционе осуществляется со дня публикации объявления о проведении аукциона на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала аукциона, по истечении которых участники не могут отозвать поданную заявку. Для участия в аукционе необходимо предварительно зарегистрироваться на веб-портале реестра с указанием:

- 1) для физических лиц: индивидуального идентификационного номера (далее — ИИН), фамилии, имени и отчества (при наличии);
  - 2) для юридических лиц: бизнес-идентификационного номера (далее — БИН), полного наименования, фамилии, имени и отчества (при наличии) первого руководителя;
  - 3) реквизитов расчетного счета в банке второго уровня для возврата гарантийного взноса;
  - 4) контактных данных (почтовый адрес, телефон, факс, e-mail).
- Для регистрации в качестве участника аукциона необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие, подписанную ЭЦП участника.

**ВНИМАНИЕ!** Основаниями для отказа веб-порталом реестра в принятии заявки являются несоблюдение участником требований, ука-

занных в извещении, а также непоступление за два часа до начала аукциона гарантийного взноса, указанного в извещении о проведении торгов.

По результатам автоматической проверки веб-портал реестра направляет на электронный адрес участника, указанный на веб-портале реестра, электронное уведомление о принятии заявки либо причина отказа в принятии заявки. Участником, допущенному к аукциону, представляется доступ к аукционному залу по аукционному номеру, присваиваемому веб-порталом реестра. Участники аукциона в течение одного часа до начала аукциона заходят в аукционный зал, используя ЭЦП и аукционный номер. Аукцион начинается в указанное в извещении о проведении торгов время города Нур-Султан путем автоматического размещения в аукционном зале стартовой цены объекта продажи.

Результаты аукциона по каждому проданному объекту продажи оформляются электронным протоколом о результатах аукциона, который подписывается на веб-портале реестра продавцом и победителем с использованием ЭЦП в день проведения торгов. Протокол о результатах аукциона является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи объекта продажи по цене продажи.

Договор купли-продажи или договор аренды заключается в электронном формате на веб-портале реестра и подписывается продавцом и покупателем с использованием ЭЦП в срок два рабочих со дня подписания протокола о результатах торгов. Гарантийные взносы для участия в аукционе вносятся на реквизиты единого оператора в сфере учета государственного имущества: Получатель платежа: **АО «Информационно-учетный центр» БИН: 050540004455; КНП: 171; Кбе: 16.** Расчетный счет (ИВАН/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»:

**KZ94601711100000330; БИК: HSBKZZKX.** Назначение платежа: **Гарантийный взнос для участия в электронном аукционе.**

**ВНИМАНИЕ!** Гарантийный взнос не возвращается победителю в случаях неподписания протокола о результатах торгов либо договора купли-продажи.

Во всех остальных случаях гарантийные взносы возвращаются в срок не позднее трех рабочих дней со дня подачи заявления единому оператору от участника аукциона, подписанного ЭЦП участника на веб-портале реестра.

**Аукцион на повышение цены:**

1) если в течение двадцати минут с начала аукциона в аукционном зале ни один из участников не подтвердил свое желание приобрести объект путем увеличения стартовой цены объекта на шаг, установленный согласно пункту 46 настоящих Правил, то аукцион по данному объекту признается не состоявшимся;

2) если в течение двадцати минут с начала аукциона в аукционном зале один из участников подтвердил свое желание приобрести объект путем увеличения стартовой цены объекта на шаг, установленный согласно пункту 46 настоящих Правил, то стартовая цена увеличивается на установленный шаг;

3) если в течение двадцати минут после увеличения текущей цены ни один из участников не подтвердил свое желание приобрести объект путем увеличения текущей цены, то победителем признается участник, последний подтвердивший свое желание приобрести объект, а аукцион по данному объекту признается состоявшимся.

Аукцион по объекту на повышение цены идет до максимально предложенной цены одним из участников.

